

"Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы"
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 24-ө
өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 1 қазандағы № 179-ө өкімі
"Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы"
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 24-ө
өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі
үйлестіру кеңесінің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның
орынбасары;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Департамент директоры
, хатшы;" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі, төрағаның
орынбасары;

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Департамент
директоры, хатшы;"

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі
вице-министрі;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі вице-министрі;"

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық
мониторинг бөлімі секторының меңгерушісі;

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Қауіпсіздіктің жалпы мәселелері
бөлімі секторының меңгерушісі;" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық
мониторинг бөлімі секторының меңгерушісі (келісу бойынша);

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Қауіпсіздіктің жалпы мәселелері
бөлімі секторының меңгерушісі (келісу бойынша);" ;

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі;" деген жолдан
кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар
вице-министрі;" ;

көрсетілген өкіммен бекітілген Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

5-тармақ мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"5. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі болып табылады."

Премьер-Министр

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК